

посреднический бизнес в туристической отрасли. Сотни фирм предлагают сегодня в Казахстане туристические поездки за границу.

Посреднический бизнес получил распространение и в среде высоких технологий. В Казахстане действует огромное количество фирм, предлагающих высокотехнологическую продукцию известных мировых компаний. Наиболее известными отечественными поставщиками ИТ технологий являются “Алси”, “Sulpac”, “Сименс-Казахстан”, и др. Однако среди отечественных компаний существуют и такие, которые частично дорабатывают ввозимую продукцию, то есть осуществляют отечественную сборку, хотя это никак не является производством в чистом виде, именно поэтому такие предприятия в большей части являются посредническими, а не производственными (Алси, Логиком, Сименс- Казахстан и т.д.).

Так же новым видом посреднического бизнеса стало предоставление Internet услуг, или “провайдерство”. На сегодняшний день в Республике Казахстан работают более десятка фирм, предоставляющих услуги Internet провайдера (Алси, Казинтел, Казахтелеком, Нурсат, Кателко, Астел-Арна Спринт, Лортон, и т. д.). Посредничество получило непосредственное развитие и в самом Internet, в виде электронного бизнеса (продажа товаров и услуг через сеть). В Казахстане фирм, предоставляющих свои товары и услуги через Internet пока мало, но, тем не менее, такие существуют - KupiDa, Smak.

Посредничество получило развитие в сфере СМИ. Многие отечественные теле- и радиоконпании занимаются ретрансляцией импортной телепродукции. К примеру, телекомпании Казахстана во всю передают российскую телепродукцию, особое распространение это получило в регионах Казахстана. Некоторые радиоконпании практически полностью перекалифицировались на ретрансляцию российских радиостанций (“Русское Радио Казахстан”, “Европа плюс Казахстан”, “Хит FM Хабар”).

1. Кантарбаева А.К. «Предпринимательство. Институционально-эволюционный подход». — Алматы: «Раритет», 2000г

2. Аллахвердиев Р.А., Аллахвердиева Э.А. История становления и развития предпринимательства в Казахстане // Вестник КАСУ №4 - 2006, - <http://www.vestnik-kafu.info>

3. Анализ состояния развития малого и среднего бизнеса в РК // <http://business-kazakhstan.com>

Осы мақалада Қазақстандағы шағын кәсіпкерліктің қалыптасу ерекшеліктері мен дамуы негіздері мен кезеңдері баяндалады. ҚР ірі қалалары мен қарама-қайшы өлкелерде шағын кәсіпкерліктің тіркеліп қойған және жұмыс істейтін субъектілері туралы мәліметтер көрсетілген.

The present article emphasizes the main stages and features in the making and development of small enterprises in Kazakhstan. The paper provides statistical data about quantity of registered and current small-sized enterprises in majority large cities and in the regions of the Republic of Kazakhstan.

А.Ж. Сүйеубекова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Әлемдік нарықтағы бәсекелестік жағдайында инновациялық технологиялық даму тұрақтылығы ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мен елдің экологиялық, технологиялық және экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету факторына айналды.

Ел экономикасының инновациялық дамуын қамтамасыз ету ең алдымен инновацияларды жасаушы инновациялық үрдіс қатысушыларының қаншалықты қабілетті екеніне байланысты. Инновациялық үрдіс қатысушыларының жиынтығы белгілі бір жүйені құрады.

Экономикалық ғылымда нақты бір елге тән бұл жүйені ұлттық инновациялық жүйе деп атайды (ҰИЖ).

Ұлттық инновациялық жүйе – бұл ғылыми білім мен технологияларды өндіру мен коммерциялық жүзеге асыратын өзара байланысты ұйымдар (құрылымдар) жиынтығы: шағын және ірі компаниялар, университеттер, мемлекеттік зертханалар, технопарктер мен инкубаторлар. Сонымен бірге, ҰИЖ-бұл инновациялық үрдістерді қамтамасыз ететін және саяси-мәдени ерекшеліктерге ие құқықтық, қаржылық және әлеуметтік институттар кешені [1].


Тиімді ұлттық инновациялық жүйе инновацияларға негізделген жаңа бәсекеге қабілетті экономиканың қалыптасуы мен экономиканы жаңғырту механизмінің бірі болып табылады.

Ұлттық инновациялық жүйеде инновациялық үрдіс қатысушыларын төрт макрокатегорияға топтастыруға болады:

- ғылыми-техникалық жүйе – ҒЗТКЖ ұйымдарының жиынтығы;
- кәсіпкерлік орта – инновациялық өнімдерді өндірумен айналысатын кәсіпорындар жиынтығы;
- инновациялық инфрақұрылым: технопарктер, инновациялық орталықтар, технологиялар трансферті орталығы;
- қаржылық инфрақұрылым: қаржы-банктік институттар, инвестициялық қорлар, венчурлік қорлар және т.б.

Қазақстанның ғылыми-техникалық жүйесі екі бөліктен тұрады:

- 1) мамандарды дайындау;
- 2) ғылыми-зерттеушілік жүйе.



1-сурет. Ұлттық инновациялық жүйе [2].

Мамандарды дайындау жүйесі ғылыми, инженерлік және кәсіби кадрларды дайындаумен айналысатын университеттер мен жоғары білім беру жүйесінің басқа да мекемелерімен жүзеге асырылады.

Ұлттық ғылыми-зерттеушілік жүйе негізін академиялық ғылыми-зерттеу институттары болып табылатын ғылыми және инжинирингті база құрайды.

Инновациялық инфрақұрылымның болуы және оның тиімді дамуы елдің инновациялық дамуының негізгі құралы болып табылады.

Инновациялық инфрақұрылымның даму негізі болып ғылыми-техникалық әлеует табылады. Инновациялық әлеует ұғымы 20 ғасырдың 80-ші жылдардың басында дамыды. Соңғы уақытта бұл ұғым кеңінен таралып, осы ұғымға байланысты әр түрлі тәсілдердің талдауына арналған зерттеулер пайда бола бастады.

ҰИЖ дамуының маңызды шарты оның барлық элементтерінің тиімді өзара байланысы

болып табылады. Осыған сәйкес, ұлттық инновациялық жүйені дамытудың негізгі міндеттері төмендегілер болып табылады:

- ғылыми-технологиялық әлеуеттің дамуы;
- инновациялық кәсіпкерлік ортаны дамыту және қолдау;
- инновациялық инфрақұрылым субъектілерінің қалыптасуы мен дамуы;
- экономиканы жаңғыртудың қаржылық инфрақұрылымының элементтері мен механизмдерінің қалыптасуы және дамуы.

Осы аталған міндеттерді жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының даму институттарының бірі болып табылатын Ұлттық инновациялық қор құрылды. Қор қызметі үш негізгі бағыттан құралады: отандық ірі трансұлттық, халықаралық және шетелдік қаржылық институттарымен бірлесе отырып, венчурлік қорларды құру; технопарктер, технологиялық орталықтар және бизнес-инкубаторларды құру арқылы Қазақстандағы инновациялық инфрақұрылымды дамыту; жобаларды басқару, инновациялық жобаларды жүзеге асыруда кәсіпорындардың қаржылық капиталына инвестициялау жолымен қатысу.

Қызметтің осы үш негізгі бағытты есепке ала отырып, Қор ұлттық инновациялық жүйені қалыптастыруға бағытталған келесідей міндеттердің шешілуін қамтамасыз ету керек:

- отандық және шетелдік инвесторлармен бірлесе отырып, венчурлік қорларды құру;
- қолданбалы ғылыми зерттеулер мен тәжірибелі-конструкторлық жұмыстарды қаржыландыру;
- технополистер, технопарктер, инновациялық орталықтар мен бизнес-инкубаторларды құруға қатысу;
- ғылыми-техникалық өнім нарығының қалыптасуына қатысу.

Инновациялық инфрақұрылымның маңызды элементі ядросы инновациялық орталықтар болып табылатын өндірістік-технологиялық бағыт болуы тиіс. Отандық экономикада инновациялық орталықтардың үш моделін қолдану мақсатқа сай келеді:

- ұлттық технопарктер;
- аймақтық инновациялық-технологиялық орталықтар;
- жоғары технологиялар аймақтары.

Ұлттық технопарктерді құру мақсаты – отандық ғылыми-техникалық әлеуетті қазіргі ғылымның басым салаларына тарту.

Аймақтық инновациялық-технологиялық орталықтарды құру мақсаты-инновациялық үрдістерді технологиялық бағыттардың кең спекторында ҚР-сы аймақтарында белсендіру болып табылады [3].

Аймақтық технопарктердің негізгі мақсатына аймақтардың әлеуметтік-экономикалық және технологиялық дамуын қамтамасыз ететін ғылым, өнеркәсіп және аймақтық биліктердің арасындағы тығыз қауымдастықты қамтамасыз ету жатады. Технопарктер ғылыми-зерттеу, инновациялық қызмет және ғылыми-техникалық аяда жаңашыл нарық пен инновациялық қызметті, ғылыми-зерттеулерді байланыстыратын құрылымдардың қызметін атқарады. Олар білім, ғылым, өндіріс, билік тұтынушылар, ғылыми-зерттеулердің ғалымдар мен мамандардың жаңалықтары мен шығармашылықтарының нәтижелерін коммерциялау арқылы интеграциялауға ықпал етеді [4].

Инновациялық қызмет инфрақұрылымы немесе инновациялық инфрақұрылым-бұл экономикалық тиімділік қағидалары негізінде инновациялық субъектілердің инновациялық үрдістердің жүзеге асырылу шарттарын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-экономикалық институттар кешені.

Ұйымдастырушылық тұрғысынан, өнеркәсіптік немесе технологиялық парк-инфрақұрылымның бірыңғай объектілерін эксплуатациялаушы өнеркәсіптік, ғылыми кәсіпорындар мен ғылыми-өндірістік фирмалары орналасатын аумақ бөлігі [5].

Инновациялық инфрақұрылымның маңызды құраушысының бірі – ол венчурлік кәсіпорындар. Венчурлік кәсіпорындар (ағылшынша, research firms venture)-бұл ғылыми зерттеулер, инженерлік жұмыстар мен инновацияларды жасау және құрумен айналысатын шағын немесе ірі кәсіпорындар (фирмалар) [6].

Венчурлік бизнес жаңа өнім өндірісіндегі зерттеулерге маманданған шағын фирмалармен сипатталады. Венчурлік бизнесті ғалым-зерттеушілер, инженерлер, новаторлар жасайды. Ол әсіресе, АҚШ-та, Батыс Европа және Жапонияда кеңінен таралған.

Венчурлік фирмалар ірі фирмалардың еншілесі болуы мүмкін.

Венчурлік фирмаларды құру келесі компоненттердің болуын қарастырады:

- инновация идеясы-жаңа технология немесе бұйым болуы мүмкін;
- қоғамдық қажеттілік пен кәсіпкердің болуы;
- қаржыландыру үшін тәуекел капиталының болуы [7].

Қазақстанда инновациялық қызмет саласында «Ұлттық инновациялық қор» АҚ отандық алты венчурлік қор құрды («Әрекет» жоғарғы технологиялар қоры) АҚ, «Адвант» венчурлік қоры АҚ, «Сентрас венчурлік қор» Тәуекелдік инвестициялаудың акционерлік инвестициялық қоры АҚ, «Glotur Technology Fund венчурлік қоры» АҚ, «Logycom perspective innovations» АҚ, «Almaty venture capital» АҚ.

Қазақстанда венчурлік бизнестің қалыптасуы мен дамуы үшін жоғары деңгейдегі ғалымдар, инженерлер мен басқарушыларды дайындауға қабілетті, мықты зерттеушілік инфрақұрылымға ие университеттердің белсенді қатысуымен кластерлік құрылымдарды құру үлкен рөл атқарады. Университеттерден бөлек, тәуекелдік инвестициялар үшін бос капитал керек. Олар зейнетақы, сақтандыру компанияларының, корпорацияларының, банктік құрылымдар мен жеке инвесторлардың қаражаттары болуы мүмкін.

Қазақстандағы венчурлік қаржыландыру механизмдері қалыптасуының келесі аспектісі жоғары білікті кадрларды-венчурлік бизнестің қатысушыларын экспертиза және кеңес беру саласында, венчурлік капиталды басқару саласында тәжірибесі бар, кәсіби венчурлік инвесторларды дайындаумен байланысты.

Шетелдік инвесторлардың Қазақстан экономикасына деген жоғары қызығушылығын ескере отырып, Қазақстанның венчурлік қорларына қаржы ресурстарын тарту үшін халықаралық қаржы институттарымен келіссөздер жүргізу қажет.

Сонымен, Қазақстанда венчурлік бизнес пен венчурлік қаржыландыру механизмдерін енгізудің объективті алғышарттары мен қажеттілігі бар. Венчурлік капиталдың ҚР-сы ұлттық жағдайларына жылдам бейімделуі Индустриалды-инновациялық даму стратегиясын табысты жүзеге асырудың кепілі болып табылады.

1. Саурукова А.К. Оценка развития национальной инновационной системы Республики Казахстан //Аль-Пари, №2, 2010, 36 с.

2. Купешова С.Т. Теория и практика инновационного процесса в переходной экономике Республики Казахстан / Автореферат – Алматы, 2002 г.

3. Сарыбай Р.С. Экономические предпосылки и особенности формирования и функционирования инновационной инфраструктуры как основного инструмента инновационного развития // Саясат-policy №5, 2010, 54 с.

4. Дәуренбекова Ә.Н. Қазақстанда инновациялық дамудың жаңа бағыттары //ҚазҰУ хабаршысы. Экономикалық сериясы, №2 (72).2009, 111 б.

5. Мамасыздықов А.А. Инновационная инфраструктура: организационные аспекты, становление, развитие// Саясат-policy №7, 2010, 9 с.

6. Мустафин М.А., Раимов С.Р. Инновационный менеджмент и маркетинг. Учебно-практическое пособие. – Алматы, 2009, 75 с.

7. Ильенкова С.Д. Инновационный менеджмент. – Москва-1997, 26 с.

В статье рассматриваются теоретические аспекты формирования национальной инновационной системы Казахстана. Роль инновационной инфраструктуры в развитии государства.

Article says about the theoretical aspects of formation of national innovative system of Kazakhstan. The role of innovative infrastructure in development of the country.